TÜRKPA
PARLIAMENTARY ASSEMBLY OF TURKIC STATES

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

**ОН БІРІНШІ ОТЫРЫС**
**ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында еңбек көші-қонының жағдайларын жеңілдету (ұлттық заңнамаларды жақындастыру)**

# ЕСЕП

## КІРІСПЕ

Жұмыс істеу үшін ұлттық шекараларды кесіп өту экономикалық теңсіздікке, жұмыс іздеуге немесе екеуіне де байланысты халықаралық көші-қонның негізгі себептерінің бірі болып табылады. Экономикалық, саяси және экологиялық дағдарыстардың, сондай-ақ демографиялық жағдайдың өзгеруінің қосымша салдары, әлемнің кейбір бөліктерінде халықтың қартаюы, ал басқаларында «жастардың көбеюі» еңбек көші-қонының өсуіне ықпал етеді.

БҰҰ-ның Дүниежүзілік көші-қон дерекқорының ағымдағы жаһандық бағалауы әлемде 2020 жылы әлем халқының 3,6% құраған шамамен 281 миллион халықаралық мигранттар болғанын хабарлайды. Бұл сан 1990 жылмен салыстырғанда 128 миллионға көп және 1970 жылғы болжамды саннан үш есе ұлғайған. Осы 281 миллион мигранттың 169 миллионы халықаралық еңбек мигранттары болып табылады және олар әлемдік жұмыс күшінің 4,9% құрады.

Бүкіл әлем бойынша мигранттар мен диаспоралар аударған ақша аударымдарының көлемі 2022 жылы 647 миллиард АҚШ долларына жетті. Анықтама үшін, 2019 жылы COVID-19-ға дейін мигранттардың ақша аударымдары шамамен 718 миллиард АҚШ долларын құрап, 2020 жылы 702 миллиардқа дейін аздап төмендеді. Ақша аударымдарының қысқаруы мигранттардың көбеюімен бірге еңбек мигранттарының жалақысының төмендеуін және олардың тұратын елдердегі өмір сүру құнының жоғарылауын немесе жалақының инфляцияны индекстеуге сәйкес келмеуін көрсетеді. Мұндай жағдай еңбек мигранттары үшін жағдайдың

нашарлауын, сондай-ақ олардың осал және әлеуметтік-экономикалық қиындықтардың әсеріне ұшырауын болжайды.

Олардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік-экономикалық ортада резидент мемлекеттің азаматтарымен тең дәрежеде адам құқықтарын білдіру, лайықты өмір сүруге және әділ ақы төленетін жұмысқа кепілдік беру мақсатында халықаралық қауымдастық жоғарыда аталған мәселелерді шешуге бағытталған көптеген конвенциялар мен құжаттар әзірледі. Сонымен қатар, мигранттардың өмірі мен құқықтарын, соның ішінде еңбек құқықтарын қорғау мақсатында түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда.

Мигранттар мәселелері бойынша халықаралық деңгейде танылған құжаттар жалпы алғанда Біріккен Ұлттар Ұйымының (1990 жылғы Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция) және атап айтқанда Халықаралық еңбек ұйымының (1949 жылғы (№97) Еңбек көші-қоны туралы конвенция; 1975 жылғы (№143) Еңбекші-мигранттар туралы конвенция (қосымша ережелер)) аясында әзірленді. Еңбекші-мигранттарды әділ басқару бойынша қосымша ережелер мен нұсқаулықтар адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей қолданылатын конвенциялармен бірге басқа өңірлік ұйымдарда да қалыптастырылды.

Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясына (ТҮРКПА) мүше мемлекеттердің арасында еңбек мигранттары мәселесі де күн тәртібінде тұр, өйткені олардың барлығы еңбек мигранттарының шыққан елдері және реципиент-елдері болып табылады.

## ӘЗЕРБАЙЖАН

Жалпыадамзаттық демократиялық құндылықтарға үлкен мән беріп, әлемдік қауымдастыққа интеграциялану бағытында табысты қадамдар жасап отырған Әзербайжанда мемлекет тарапынан көші-қон процестерін халықаралық нормаларға сәйкес реттеуді басқару және қамтамасыз ету, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мигранттарға қамқорлық жасау және мигрант жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Әзербайжан Республикасының Көші-қон кодексі де осы бағыттағы прогрессивті қадамдарға кең мүмкіндіктер ашты.

Әзербайжан Республикасының аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды ақылы еңбек қызметіне тарту елдің заңнамасымен реттеледі. Елдегі еңбек көші-қоны процестерін реттеу, еңбек мигранттарын жұмысқа рұқсат негізінде жұмысқа қабылдау тәртібі және еңбек қызметін жүзеге асыру Әзербайжан Республикасының Көші-қон кодексімен, Еңбек кодексімен, Әзербайжан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Еңбек көші-қоны квотасын айқындау ережелерін» бекіту туралы шешімі және басқа да нормативтік құқықтық

актілермен реттеледі. Жұмыс берушінің Әзербайжан Республикасының жауапты органдарынан алған жұмыс рұқсаты негізінде шетелден келген әлеуетті жұмысшыға еңбек мигрантының жұмысы беріледі.

Әзербайжан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде еңбек мигранттарына елде Әзербайжан Республикасының азаматтарымен бірдей барлық құқықтарды қолдануға және осы құқықтарға сәйкес міндеттерді орындауға болады . Рұқсат беру процесін жылдамдату үшін шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың жұмыс істеуге рұқсат алуы үшін өтініштерді қарау процессі 20 жұмыс күнінен 10 жұмыс күнге дейін түсірілді. Сонымен қатар, Әзербайжан Республикасындағы еңбек көші-қоны Әзербайжан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен еңбек көші-қоны квотасы және Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қызметі берген жұмыс рұқсаттары негізінде реттеледі.

Әзербайжандағы еңбек көші-қоны тек Көші-қон кодексі және Еңбек кодексі сияқты мамандандырылған құқықтық актілермен ғана реттелмейді сонымен қатар «Мемлекеттік баж туралы» Әзербайжан Республикасының Заңымен,және басқа да нормативтік актілердіңмен реттеледі. Ұлттық заңнамамен қатар Әзербайжанда 1998 жылы ратификацияланғаннан бері БҰҰ-ның 1990 жылғы «Барлық еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы» халықаралық деңгейде танылған конвенциясының нормалары да қолданылып келеді.

Айта кетейік, еңбек мигранттарының құқықтары 2006 жылдан бастап міндетті мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру арқылы қосымша қамтамасыз етіледі. Бұл барлық еңбек мигранттары Әзербайжанда бүкіл әлеуметтік-экономикалық құқықтарды пайдалануға құқығы бар дегенді білдіреді.

Мигранттар мәселесіне қатысты тағы бір маңызды нәрсе ол Әзербайжандағы ішкі көші-қонды басқару. Конвенцияның нормалары оларға да қолданылады. Әзербайжандағы ішкі көші-қон Қарабақ мәселесі мен адамдарды үйлерінен мәжбүрлі түрде көшіру салдарынан өткір сипат алды.

Әзербайжандағы мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар халықтың өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық құрамдас бөлігін сапалы дамытуға бағытталған. Онжылдықтың күрделі де беделді жобаларының бірі – Қарабақ аймағын қалпына келтіру. 2026 жылға қарай Қарабақты қалпына келтіру мен дамытуға шетелдік мемлекеттермен және серіктестермен ынтымақтаса отырып, шамамен 10 миллиард АҚШ долларын (Әзербайжанның ЖІӨ-нің 18%) инвестициялау жоспарлануда.

Ресми мәлімдемеге сәйкес Қарабақты қалпына келтіру және оны одан әрі дамыту мақсатында ішкі мәжбүрлі мигранттар үшін 150 мың жұмыс орны құрылады. Сонымен бірге, 2022 жылы заңнамаға енгізілген тиісті өзгерістер шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Әзербайжан Республикасының азат етілген аумақтарында ақы төленетін

еңбек қызметімен айналысуы үшін жұмысқа рұқсат алуға байланысты өтініштерді (нормативтік мерзімдерді 5 жұмыс күнге қысқарту арқылы) және жұмысқа рұқсат беру мерзімін әр жолы 2 жылдан аспайтын мерзімге ұзартуды анықтап, қысқа мерзімде қарауға мүмкіндік береді.

Әзербайжан Республикасы халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісі ретінде және «Барлық еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы» конвенцияның қатысушысы ретінде Конвенцияның орындалуы туралы есеп беруге міндетті. Әзербайжан тұрақты негізде Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенция жөніндегі комитетіне мерзімді есептерді үнемі дайындап отырады. Тыңдаулар 2021 жылы ұсынылған үшінші мерзімді есеп бойынша өткізілді.

Әзербайжандағы еңбек көші-қонын жеңілдету және басқару заңнамалық тұрғыдан алғанда еңбек көші-қон процесінің барлық тараптары үшін құқықтарды қорғауды және міндеттемелерді жүктеуді қамтамасыз ететін берік құқықтық базаға ие. Бірақ бұл процесті іс жүзінде жүргізу – ол басқа мәселе, оны тараптарға орынсыз салдардың алдын алу мақсатында оқыту және түсіндіру қажет.

## ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы 2022 жылы көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамалық құжатын қабылдады. Тұжырымдама Президенттің Жарлығына және Президенттің «Әділетті мемлекет. Біріккен ұлт. Әл-ауқатты қоғам», «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» жолдауларына сәйкес әзірленді. Тұжырымдаманы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі көші-қон процестеріндегі өткен тәжірибе мен бүгінгі шындықты ескере отырып әзірледі.

Қазақстанның көші-қон саясаты елдегі көші-қон ахуалы кезеңдерінен қалыптасады:

- 1991-2000 жж. – халықтың кетуі, бала туу деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы;
- 2001-2010 жж. – экономикалық өсу, қарқынды әлеуметтік-саяси өзгерістер мен реформалар;
- 2011-2022 жж. – жаһандану жағдайлары, сыртқы әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері, этникалық репатриация деңгейінің төмендеуі және білікті мамандардың кетуі.

2011 жылдан бастап Қазақстанда «Халықтың көші-қоны туралы» Заң қабылданды, ол ішкі көші-қонға және халықты ел ішінде тең орналастыруға, халықтың ірі қалалардан елдің солтүстік, орталық және шығыс бөліктерінің аз дамыған қалалары мен ауылдарына ағымына бағытталған. «Серпін-2050», «Мәңгілік ел жастары – өнеркәсіпке», «Дипломмен ауылға» деген жақсы тұжырымдамасы бар көптеген

бағдарламалар бар, бірақ оларды жүзеге асыруда біраз қиындықтар болды.

Ұлттық көші-қон саясаты шеңберінде Қазақстан басқа елдерден тумасы қазақтарды репатриациялауға көп көңіл бөледі. Олардың тарихи отанына оралуы «Оралман» және «Қандас» бағдарламалары бойынша жүргізілуде. 30 жыл ішінде Қазақстанға 400 мыңға жуық отбасы, 1,1 миллионға жуық этникалық қазақтар келіп, қандас мәртебесін алды. Қандас мәртебесі тегін медициналық қызмет көрсету, әскери қызметтен босату, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алуға қаражат бөлу, мектептер мен басқа да оқу орындарында квоталық орындармен қамтамасыз ету және т.б. сияқты белгілі бір артықшылықтар мен жеңілдіктер береді.

Қазақтар мен шетел азаматтары үшін жұмыс квоталарының үлесі де елдің көші-қон саясатына сәйкес реттелді. Соңғы 8 жыл ішінде Қазақстанда жұмыс квотасы 10-нан 38 мың адамға дейін өзгерді. Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдіктерге арналған квоталық бағдарлама Еуразиялық экономикалық одақ аясында да жүзеге асырылып, 1,6 миллионға жуық жұмыс істеуге рұқсат берілді.

Көші-қон саясатын жүзеге асыруда Қазақстан бірінші кезекте неғұрлым қажетті мамандықтар бойынша жоғары білікті мамандарды даярлаумен және тиісті заманауи білім беру инфрақұрылымын салумен бірге шетелдік жетекші оқытушыларды шақыру арқылы білім беру жүйесін жетілдіруге және нығайтуға бағытталған.

Көші-қон саясатының екінші бағыты іскерлік көші-қонды ынталандыру болып табылады. Ол бизнес пен шетелдік инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасауды көздейді.

Көші-қон саясатының үшінші бағыты Қазақстанда жұмыс істеу үшін жоғары білікті мамандар мен кәсіпқойларды шақыруға қатысты. Сонымен қатар ағымдағы геосаяси өзгерістер де Қазақстан экономикасының дамуына жақсы перспективалар береді – бұл өнеркәсіпті, жаңа технологияларды көшіру, білікті мамандарды, әсіресе IT саласындағы мамандарды тарту.

Шетелдіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты Қазақстан БҰҰ-ның 1951 жылғы халықаралық конвенцияларына және босқындар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен талаптарын қорғау туралы хаттамаларға сәйкес босқындар мен азаматтығы жоқ шетелдіктерді заңнамалық қамтамасыз етуге көбірек бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан БҰҰ-ның Барлық еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы конвенциясының қатысушысы болып табылмайды.

Қазақстан, аймақтың басқа да елдері сияқты, еңбек мигранттарын қабылдайтын және жіберетін ел болып табылады және Біріккен Араб Әмірліктерімен, Катар, Корея Республикасымен және азаматтары негізінен жұмыс істейтін басқа елдермен өз азаматтарының құқықтарын

қорғау бойынша екіжақты келісімдерге қол жеткізуді жоспарлап отыр. Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясаты жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде жыл сайынғы бірінші тоқсанда Қазақстан азаматтарын көбірек тартатын елдермен (Түркия, БАӘ, АҚШ, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия, Корея Республикасы, Израиль, Катар, Германия) жұмыс істейтін мигранттардың еңбек және әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету бойынша екіжақты келісімдерді (меморандумдарды) дайындау және қол қою жоспарлануда.

## ҚЫРҒЫЗСТАН

Ашық теңізге шыға алмайтын және географиялық ортасының ерекшелігі бар ел ретінде Қырғызстан табиғи түрде экономикалық қызметтің алуан түрлілігімен шектеледі. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық Қырғызстаннан көрші және алыстағы мемлекеттерге халықтың көші-қон ағынын қалыптастырды. Қырғызстаннан келген мигранттарды қабылдаушы мемлекеттер негізінен Түркия, Қазақстан және Ресей болып табылады. Статистикаға сәйкес мұнда барлық жұмыс орындарында 1,1 миллионға жуық қырғыз азаматы еңбек мигранттары болып жұмыс істейді, ал көші-қон процесі 3 миллионнан астам үй шаруашылығына әсер етті. Еңбек мигранттарының ақша аударымы Қырғызстанның ЖІӨ-нің шамамен 30%-ға құрайды, бұл оның шетелдегі мигранттарының әл-ауқатына қатысты мәселелер Қырғыз Республикасы үшін өте мұқият және маңызды екенін білдіреді.

Қырғыз Республикасының көші-қоны туралы заңнамасы көптеген құқықтық нормативтік актілерді қамтиды, олардың ішінде: Қырғыз Республикасының Конституциясы, «Ішкі көші-қон туралы» Заң, «Сыртқы көші-қон туралы» Заң, «Қырғыз Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы» Заң, «Шетел азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы» Үкіметтің Қаулысы, Қырғыз Республикасының шетелдіктерге жұмыс істеуге рұқсат беру үшін квота мәселелерін белгілейтін «Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі туралы» Заңы және басқа да тиісті заңнамалық актілер.

Қырғыз Республикасы халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде 2003 жылдан бастап БҰҰ-ның Барлық еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы конвенциясының қатысушысы болып табылады. Конвенция нормаларының талаптарын орындау барысында Қырғызстан мигранттардың көші-қон ағынын тұрақты негізде бақылайды және осы саладағы заңнаманы және нормалардың орындалуын үнемі жетілдіріп отырады.

Көші-қон үдерісіне қатысты маңызды құжаттардың бірі – Үкімет Қаулысымен бекітілген «2021-2030 жылдарға арналған Қырғыз Республикасының көші-қон саясатының тұжырымдамасы» атты құжат. Көші-қон тұжырымдамасы мемлекеттен тысқары жерлердегі еңбек мигранттарының құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға қатысты.

Көші-қон үдерісін тұрақтандыру және келеңсіз факторларды азайту мақсатында көші-қон жөніндегі тұжырымдамамен қатар 2021 жылы Президенттің «Көші-қон жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды.

Жұмыс істейтін мигранттарды жіберетін ел ретінде Қырғызстан қол жетімді қарыздар мен несиелер, микроқаржыландыру, қайта даярлау және қайта оқыту және т.б. сияқты экономикалық тетіктерді пайдалана отырып, жұмыс істейтін мигранттарды еліне қайтару жүйесін әзірлеуде. Мемлекеттік органдар жұмыс істейтін мигранттардың қаржылық ресурстарын жұмылдыруға және шағын әрі орта бизнеске инвестиция салуға, сондай-ақ оларды жинақ ретінде пайдалануға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу үстінде.

Сонымен қатар Қырғызстанға жұмыс істейтін мигранттарды репатриациялау шетел капиталы мен шетелдіктердің қатысуымен кәсіпорындарда қосымша жұмыс орындарын ашу арқылы да жүргізіледі. Қырғызстанға шетелдік жұмыс күшін тарту Қырғызстан азаматтары үшін қосымша жұмыс орындарын құруға ықпал етеді және осы арқылы елден тыс жұмыс күші көші-қонының санын азайтады.

Мигранттардың әлеуметтік қамсыздандыру жарналары болашақта азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының негізі болып табылады. Бұл мәселені шешудің бір жолы – елдің зейнетақы жүйесіне өзгерістер енгізу және серіктес елдермен көші-қон резиденті елден зейнетақы төлеу туралы келісімдерге қол қою. Қырғыз Республикасы 2019 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімге қол қойды. Қырғызстан Келісімнің нормаларын күшіне енгізу үшін барлық мемлекеттік рәсімдерді орындады. Сонымен қатар, Қырғыз Республикасының Әлеуметтік Қоры Корея Республикасының Ұлттық зейнетақы қызметімен еңбек шарты бойынша жарна төлеген қырғыз жұмыс істейтін мигранттарына Кореяның Зейнетақы қорынан зейнетақы төлеу бойынша әріптестік орнатуда. Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы аясында Қырғызстан мен Түркия 2020 жылы күшіне енген Әлеуметтік қамсыздандыру туралы үкіметаралық келісімге қол қойды.

Қырғызстан мен Әзербайжан басқа да бірлескен ұйымдардың қатысушысы ретінде көші-қон мәселелеріне қатысты өзара құжаттарды әзірлеуде. Сондай-ақ Қырғызстан мен Қазақстан Көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы екіжақты үкіметаралық келісімге (2021 ж.) қол қойып, ратификациялады. Бұл құжат екі жақтан еңбек мигранттарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға септігін тигізіп, мемлекеттер арасындағы байланыстар мен серіктестіктердің жақындасуына ықпал қосады.

**ТҮРКИЯ**

Еуропаның, Азияның және Африканың қиылысу нүктесінде тиімді географиялық орналасуына байланысты Түркия мигранттардың заңды және заңсыз транзиттік пунктіне айналды. Сонымен қатар, Түркия аймағындағы байқалған жұмысшыларға сұраныстың артуы транзиттік қозғалыс елі тұрғысынан Түркияның үшінші елдердің азаматтары үшін баратын елге айналуына әкелді. Сонымен бірге Таяу Шығыстағы, Кавказдағы және Балқандағы ұзақ жылдар бойы болған турбуленттілік Түркияға халықтың жаппай ағылуына әкелді. 1980 жылдардан кейін Түркия тек жұмыс істейтін мигранттарды жіберетін елге ғана емес, сонымен бірге мигранттарды қабылдайтын елге айналды.

Халықаралық құқықтың субъектісі ретінде Түркия көші-қон процестерін басқаруға және басқа да байланысты мәселелерге қатысты әртүрлі халықаралық конвенциялардың, хаттамалардың және қозғалыстардың қатысушысы болып табылады. Түркия Халықаралық көші-қон саясатын дамыту орталығы (ХКСДО) басқаратын Жерорта теңізі аймағындағы транзиттік көші-қон мәселелері бойынша диалогты кеңейту бастамасын алға жылжытуда. 2006 жылдың қаңтарынан бастап Түркия заңсыз көші-қонның алдын алуға, заңсыз көші-қонмен күресуге және тұрақты дамуға бағытталған көші-қон салаларында басқару саясатының ұзақ мерзімді тұрақты шешімдерін табуға шешімдер бағытталған 53 мемлекеттің, 4 бақылаушы елдің және ЕО қоса алғанда 13 халықаралық ұйымның үкіметаралық диалогы болатын Будапешт процесіне төрағалық етті. Түркияның заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі маңызды қадамы оның жетекшілігімен көші-қон ағындарының шыққан, транзиттік және межелі елдері арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға ықпал еткен Жібек жолы аймағы бойынша Жұмыс тобын құру болды.

Түркияның көші-қон саласындағы жоғарыда аталған қызметі елдегі еңбек көші-қонын басқарумен де байланысты. ~~Түркияның~~ «Халықаралық еңбек туралы» № 6735 Заңы (2016 ж.) Түркия Республикасында шетелдіктерге жұмыс істеуге рұқсат беру және жұмыс істеуге рұқсат беруден босату туралы рәсімдер мен қағидаларды реттейтін құқықтық құжат. Шеделдіктерге жұмыс істеуге рұқсат беру және жұмыс істеуге рұқсат беруден босатудың барлық процесін «Халықаралық еңбек туралы» № 6735 Заңы және басқа да тиісті заңнама шеңберінде Түркия Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек жөніндегі Бас басқармасы жүзеге асырады. Заңда көзделген шарттарда Түркияда жұмыс істеуге рұқсат алу тұруға рұқсатты алмастырады. Бұл норма «Шетел азаматтары және халықаралық қорғау туралы» № 6458 Заңда қарастырылған.

Тиісті заңнамаға сәйкес жұмыс істеуге рұқсаттың төрт түрлі түрі реттелген:

1. Уақытша жұмыс істеуге рұқсат: бұл жұмыс берушіге байланысты жұмысқа орналасатын шетелдіктер үшін реттеледі. Уақытша

жұмысқа рұқсат алуға өтінішті шетелдікті жұмысқа орналастыратын жұмыс берушінің/жұмыс берушінің өкілдері Электрондық Үкімет порталы арқылы онлайн режимінде жүргізеді. Жұмысқа рұқсат алуға өтініштер Түркияда кемінде алты (6) ай мерзімге тұруға жарамды ықтиярхаты бар шетелдіктер үшін тікелей Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, ал шетелде шетелдік өзі азаматы болып табылатын немесе заңды түрде тұратын елінде Түркия Республикасының елшіліктеріне немесе бас консулдықтарына жұмыс визасына өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Өтініш оң бағаланған жағдайда, шетелдікке еңбек ету немесе қызмет көрсету келісімшартының мерзімінен аспау шартымен жеке немесе заңды тұлғаға немесе мемлекеттік мекемеге немесе ұйымға тиесілі белгілі бір жұмыс орнында немесе ұқсас қызмет бағытындағы жұмыс орындарында белгілі бір жұмыста жұмыс істеуі үшін алғышқы өтініш бойынша ең көбі бір жылға жарамды жұмыс істеуге рұқсат беріледі. Бұл тұрғыда алғашқы реттелген жұмысқа рұқсаттың мерзімі аяқталғанға дейін 60 күн бұрын ұзарту өтініші жасалуы мүмкін. Ұзарту туралы өтініш оң бағаланған жағдайда, шетелдікке сол жұмыс берушіге байланысты алғашқы ұзарту туралы өтініштен ең көбі екі жылға дейін және келесі ұзарту туралы өтініштерінде ең көбі үш жылға дейін жұмыс істеуге рұқсат беріледі.

2. Мерзімсіз жұмыс істеуге рұқсат: Түркияда ұзақ мерзімді тұруға рұқсаты немесе кемінде сегіз жыл заңды жұмыс істеу рұқсаты бар шетелдіктер мерзімсіз жұмыс рұқсатын алуға өтініш бере алады. Шексіз жұмыс істеуге рұқсаты бар шетелдік ұзақ мерзімді тұруға рұқсатта берілген барлық құқықтарды пайдаланады. Мерзімсіз жұмыс істеуге рұқсаты бар шетелдік, оның әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты алған құқықтары сақталған жағдайда және жеке заңдардағы нормаларды қоспағанда, осы құқықтарды жүзеге асыру кезінде тиісті заңнаманың ережелерімен байланысты болған жағдайда, түрік азаматтарына берілген құқықтарды пайдаланады. Жұмыс істеуге мерзімсіз рұқсаты бар шетелдіктің сайлауға, сайлануға және мемлекеттік қызмет атқаруға құқығы жоқ, сондай-ақ әскери қызмет атқаруға міндетті емес.

3. Дербес жұмыс істеуге рұқсат: кәсіби кәсіптік топқа кіретін шетелдіктерге, басқа заңдарда көрсетілген ерекше шарттар орындалған жағдайда, дербес жұмыс істеуге рұқсат берілуі мүмкін. Халықаралық жұмыс күші саясаты бағытында тәуелсіз жұмысқа рұқсатты бағалау кезінде шетелдіктің білім деңгейі, кәсіби тәжірибесі, ғылым мен технологияға қосқан үлесі, оның Түркиядағы қызметінің немесе инвестициясының ел экономикасы мен жұмыспен қамтуға әсері, егер ол шетелдік компания серіктесі болса, оның капиталдағы үлесі және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі айқындайтын басқа да мәселелер ескеріледі. Дербес жұмыс істеуге рұқсат белгілі бір мерзім үшін реттеледі.

4. Көгілдір карта: халықаралық жұмыс күші саясаты бағытында өтініштері Министрлік белгілеген білім деңгейіне, кәсіби тәжірибесіне, ғылым мен техникаға қосқан үлесіне, қызметі немесе Түркияға салған инвестициясы ел экономикасы мен жұмыспен қамтуға әсеріне негізделген рәсімдер мен қағидаттарға сәйкес келетін шетелдіктерге Көгілдір карта беріледі. Көгілдір карта – шетелдікке Түркияда тұрақты жұмыс істеу және тұру құқығын және оның туыстарына тұру құқығын беретін құжат. Көгілдір картасына өтініш тікелей Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне, ал шетелде шетелдік өзі азаматы болып табылатын немесе заңды түрде тұратын елде Түркияның шетелдік өкілдігі арқылы шетелде беріледі. Келесі шетелдіктерге Көгілдір картаны алуға болады:

a) білім деңгейі, жалақысы, кәсіби білімі мен тәжірибесі, ғылым мен техникаға қосқан үлесі және осыған ұқсас белгілері бойынша жоғары білікті жұмыс күші ретінде бағаланатындар;

b) инвестиция немесе экспорт деңгейі, қамтамасыз етілетін жұмыс орнының мөлшері, ғылыми-техникалық дамуға қосқан үлесі және осыған ұқсас белгілері бойынша жоғары білікті инвестор ретінде бағаланғандар;

c) ғылыми-техникалық дамуға үлес қосатын немесе халықаралық деңгейде елдің мүддесі үшін стратегиялық болып саналатын ғылым, өнеркәсіп және технология салаларында іздестірулер мен зерттеулер жүргізетін ғалымдар немесе зерттеушілер;

d) мәдени, өнер немесе спорттық қызметте халықаралық деңгейде табысқа жеткендер.

e) Түркияның немесе түрік мәдениетінің халықаралық деңгейде танылуына немесе ілгерілетілуіне үлес қосқандар және Түркияның ұлттық мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша халықаралық деңгейде қызмет атқаратындар.

Сонымен қатар, Түркі мемлекеттері арасындағы интеграциялық үдерістерді ілгерілету мақсатында «Халықаралық жұмыс күші туралы» № 6735 Заңының 16-бабында Ішкі істер министрлігі немесе Сыртқы істер министрлігі түрік текті деп жариялаған және Солтүстік Кипр Түрік Республикасының азаматтары болып табылатын шетелдіктер үшін жұмыс істеуге рұқсат беруден босату арқылы реттелуі мүмкін екендігі айтылған.

Екінші жағынан, «Халықаралық еңбек туралы» Заңының 48-бабы шетелдіктердің Түркияда жұмыс істеу рұқсатынсыз жұмыс істей алатын әртүрлі салалар мен шарттарды көрсетеді. Осы бапта реттелетін қызмет пен шарттар шеңберінде жұмыс істеуге рұқсат беру туралы өтініштерді шетелдік жұмысшылар Министрлік арқылы ел ішінде, ал шетелде шетелдік өзі азамат болып табылатын немесе заңды түрде тұратын елдегі түрік шетелдік өкілдігіне береді.

Түркияда шетелдік жұмысшыларға берілетін әртүрлі жұмыс рұқсаттары мен рұқсат беруден босату елге білікті шетелдік жұмыс күшін

тарту, қажетті секторлардағы жұмыс күшін шешу және Түркиядағы адам әлеуетін арттыру тұрғысынан оң құрал болып табылады.

Алдыңғы жеті жыл ішінде ТҮРКПА-ға мүше, бақылаушы және қонақ мәртебесі бар мемлекеттердің азаматтары үшін Түркия 55 мыңға жуық жұмыс істеуге рұқсат берді (кестелерді қараңыз).

**1-кесте: Жұмысқа рұқсаттардың жалпы саны**

| ҰЛТЫ | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023* | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Әзербайжан** | 1 886 | 2 458 | 2 996 | 2 978 | 2 945 | 3 612 | 4 493 | 4 177 | **25 545** |
| **Қазақстан** | 999 | 1 353 | 1 799 | 2 860 | 961 | 2 051 | 4 742 | 5 274 | **20 039** |
| **Қырғызстан** | 3 054 | 6 374 | 13 454 | 11 003 | 3 505 | 4 570 | 6 648 | 7 139 | **55 747** |
| **Өзбекстан** | 2 454 | 2 474 | 3 969 | 4 480 | 4 383 | 3 912 | 4 677 | 4 989 | **31 338** |
| **СКТР** | 69 | 65 | 70 | 71 | 44 | 72 | 87 | 55 | **533** |
| **Мажарстан** | 124 | 71 | 72 | 94 | 28 | 37 | 56 | 41 | **523** |
| **Түрікменстан** | 3 506 | 3 865 | 5 548 | 6 128 | 9 721 | 7 850 | 8 962 | 8 487 | **54 067** |

*Уақыт 01.01.2023-30.09.2023 ж.ж. аралығындағы кезеңді қамтиды

**2-кесте: 2023 жылғы* санаттар бойынша жұмысқа рұқсаттар**

| ҰЛТЫ | Бірінші өтініш | Создырылған | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|
| **Әзербайжан** | 2 542 | 1 635 | **4 177** |
| **Қазақстан** | 4 854 | 420 | **5 274** |
| **Қырғызстан** | 6 222 | 917 | **7 139** |
| **Өзбекстан** | 3 481 | 1 508 | **4 989** |
| **СКТР** | 23 | 32 | **55** |
| **Мажарстан** | 25 | 16 | **41** |
| **Түрікменстан** | 5 272 | 3 215 | **8 487** |

*Уақыт 01.01.2023-30.09.2023 ж.ж. аралығындағы кезеңді қамтиды

**3-кесте: Жұмыс істеуге рұқсат беруден босату саны**

| ҰЛТЫ | 01.10.2022 ж.-31.12.2022 ж. | 01.01.2023 ж.-30.09.2023 ж. |
|---|---|---|
| **Әзербайжан** | 107 | 1214 |
| **Қазақстан** | 5 | 307 |
| **Қырғызстан** | 4 | 492 |
| **Өзбекстан** | 1 | 41 |
| **СКТР** | 0 | 1 |
| **Мажарстан** | 1 | 34 |
| **Түрікменстан** | 6 | 40 |

## ҚОРЫТЫНДЫ

ТҮРКПА-ға мүше әрбір мемлекеттің көші-қон саясаты екі негізгі өлшем бойынша жұмысты көздейді:

1. реципиент елдермен көпжақты және екіжақты келісімдер жасау арқылы шетелде жұмыс істейтін өз азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау;
2. өз штаттарында жұмыс істейтін жоғары білікті мигранттардың оң сальдосына қол жеткізу.

Мемлекеттегі еңбек көші-қоны процестерін басқару және жеңілдету мақсатында Түркия Әзербайжанмен және Солтүстік Кипрмен екіжақты еңбек келісімдеріне қол қойды. Түркияның еңбек көші-қоны бойынша ұлттық заңнамасының нормаларына қосымша Әзербайжанмен, Қазақстанмен, Түрікменстанмен және Солтүстік Кипр Түрік Республикасымен әріптестік туралы келісімдер, сондай-ақ Әзербайжанмен, Қырғызстанмен, Мажарстанмен және Солтүстік Кипр Түрік Республикасымен әлеуметтік қорғау туралы келісімдер бар.

Әзербайжан екіжақты негізде серіктес елдермен келісімдерге қол қоюда, мысалы Әзербайжан мен Түрікменстан арасындағы Көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім (2020 жылғы наурыз).

Қырғызстан мен Қазақстан көші-қон мәселелері бойынша бір-біріне жәрдемдесу туралы екіжақты келісімдерден басқа, ЕАЭО шеңберінде зейнетақы экспорты туралы келісім негізінде көші-қон саласындағы ынтымақтастық бойынша да жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

Қазіргі кездегі көші-қонның айрықша ерекшелігі IT саласының қарқынды дамуымен қатар жұмыс миграциясын цифрландыру болып табылады. Мысал ретінде, жоғары білікті мамандарды өздерінің шыққан мемлекеттерінен кетпей жұмыс істеуге шақыратын digital nomad (цифрлық көшпенді), blue card (көк карта), global talent visa (жаһандық талантты виза) және т.б. сияқты көптеген жұмыс визалары бар, бұлар физикалық көші-қонды жеңілдетуге немесе мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қызметтерін көрсетуге қысымды төмендетуге ықпал етеді.

Геосаяси оқиғалар, экономикалық соғыстар мен қақтығыстардың жаһандануы адамдардың үлкен көші-қонына (босқындар, заңды және заңсыз көші-қон және т.б.) әсер етеді. Сондай-ақ, жұмыс істейтін мигранттардың барлығының ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің квота жүйесі бойынша жақсы ақы төленетін жұмысқа заңды түрде қол жеткізуіне көмектесетін жеткілікті білімі жоқ екенін ескерген жөн. Үмітсіз жағдайдың салдарынан жұмыс істейтін мигранттар өздерінің адам құқықтарын елемей, отбасыларына біраз ақша табуға дайын. Бұл жағдайды жақсарту үшін әртүрлі халықаралық конвенциялар әзірленді. Осы конвенциялардың бір бөлігі болу жұмыс істейтін мигранттардың лайықты өмір сүруіне және жұмыс істеуіне қандай да бір түрде кепілдік беріп, 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіндегі мақсаттардың бірі болып табылады.